

ӘОЖ 316.774(574)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ**

Әбілхан Тоғжан Әзімханқызы
Togzhan_abilhan@mail.ru

7044

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің журналистика және саясаттану факультеті,
саясаттану мамандығының 4-курс студенті,
Ғылыми жетекші – Көпежанова Дана Едігеевна

Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта әртүрлі құқықтық қатынастарда туындайтын дауларды реттеу үшін медиация институты белсенді енгізілуде. Медиация рәсімін пайдалану соттардың жүктемесін азайтатын, сондай-ақ медиация тараптарына жанжалды реттеудің неғұрлым тиімді және жылдам нәтижесін беретін басты факторлардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында медиация рәсімін дамыту мақсатында отандық институтты енгізу нәтижелерін бағалау қажет.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Ғ. Мәмидің 2017 жылғы 26 қаңтардағы "медиация тәртібімен жекелеген санаттар бойынша дауларды (жанжалдарды) сотқа дейін реттеуді енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру ережесін бекіту туралы" өкімімен азаматтық даулар мен жанжалдардың 13 түрі бойынша жалпыға бірдей міндетті медиация көзделген. Және де бұл жоба 2018 жылға ұзартылған болатын.

"Медиация туралы" ҚР Заңы күшіне енген сәттен бастап тоғыз жылдан астам уақыт өтіпті. Бүгінгі таңда медиация азаматтық, еңбек, отбасылық, тұрғын үй және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын сот даулары бойынша, кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында, сондай-ақ балалар мен тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау кезінде қолданылып келе жатыр. Және айтарлықтай тиімді нәтижелерге қол жеткізілуде. Алайда, оның кемшіліктері немесе әлсіз жақтарын нақты анықтап, пайдасы мен зиянын ашып көрсететін әлі де болсын медиацияның қандай да бір нақты құрылымдық талдауы жоқ. Сол себепті де бұл жұмыс аз да болсын сол бар бос орынды ішінара толықтыра алады деп есептейміз.

Медиацияны Қазақстандағы құқықтық мәдениеттегі жаңа құбылыс ретінде зерттеуді бастамас бұрын, ең алдымен оның ұғымын зерделеуден бастауымыз қажет. Ол үшін біз отандық және шетелдік ғылымдағы қалыптасқан медиация ұғымы мен анықтамасын, осы рәсімнің белгілері мен ерекшеліктерін, оның басқа да құқықтық дауларды реттеудегі және шешудегі өзге де тәсілдерімен арақатынасын анықтап, оны талдауымыз маңызды болып табылады.

Медиация түсінігіне анықтама беріп, ұғымы мен мәніне тереңірек үнілер болсақ, "медиация" термині латынның "mediare" деген сөзінен шыққан, мағынасы делдалдық ету. Яғни жанжалдарды соттың қатысуынсыз, үшінші бейтарап жақ- медиатордың (делдал) көмегімен шешу формасы болып табылады. Ал медиатордың мәні мәмілегер, делдал, дауды реттеуші, конфликтті шешуші, кикілжіңді басушы т.б. ұғымдарымен сәйкес келеді.[1]

Бұл терминге Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы "Медиация туралы" Заңында мынандай анықтама берілген: "медиация - тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау - шарды) реттеу рәсімі".[2]

Ал енді Нидерландының тәжірибелі медиаторы Махтельд Пельдің берген анықтамасына кезек берер болсақ, ол "медиация - бұл тәуелсіз және бейтарап үшінші тарап-медиатордың шиеленісуші тараптарға бірлескен күш-жігермен және өзара мүдделерді ескере отырып, қысқа мерзімде олардың әрқайсысы үшін қолайлы немесе олар қалайтын шешімге келуге көмектесуіне негізделген татуласу әдісі"- деген болатын.

Келесі кезекте медиацияның қолданылу салалары жайлы айтар болсақ, медиация рәсімі әртүрлі сферада қолданылуы мүмкін. Олар азаматтық, еңбек, отбасылық дауларды реттеуде, сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек, қаржылық, банктік, авторлық құқық, қызмет көрсету т.б. салаларында қолданылады.

Қазақстан елінде Медиация ұғымы 2011 жылы қалыптаса бастады. Тәуелсіз,

бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады.

Медиатордың қызметі кәсіби негізде (кәсіпқой медиатор) және кәсіби емес негізде(қоғамдық медиатор) жүзеге асырылуы мүмкін. Медиатор алдын ала кеңес бермейді. Медиацияның өзге делдалдықтан маңызды ерекшелігі сараптамалық тәжірибиесі мол болуында.

- Медиатор дау мәселесі туындағанда тараптардың нақты келісімін талап етуде;

- Медиатор адами сезімді ескермейді;
- Медиатор өткен оқиғаларды сараптамайды, тек болашаққа бағыт бұрады;
- Медиатор істі қадағалайды, еш тарапқа тәуелсіз болуды;
- Медиатор тараптардың келісім жасауында міндетті түрде қатысады;
- Медиатор бейтарап, тәуелсіз болуы шарт.
- Медиацияда дау мәселесі туындағанда, екі тараптың келісімге дайын болуы

шарт.

- Медиация – бұл құрылымды процесс, яғни бір немесе бірнеше сессиямен шектелген. Медиация соттан тыс тәртіпте дау мәселелерін жүзеге асырады, ҚР Парламенті медиация туралы заңды 2011 жылы 12 қаңтарда қабылданып және заңды күшіне енді. Қазіргі таңда, медиация енді ғана даму үстінде. Медиацияның қазіргі таңда алатын орны зор, себебі медиацияның соттан ерекшелігі:

- Медиация еркінділікті білдіреді, сот процессі бір тараптың қарсылығына карамай басталады.

- Медиатор сайланады, ал сот тағайындалады.
- Медиаторда билік күші жоқ, ал сотта билік күші бар.
- Медиатор күн тәртібін екі тарапқа ыңғайлы кезді пайдаланса, ал сот белгілі

мерзімде.[3]

Қазақстан медиацияны әлемдік тәжірибені ескере отырып, өзінің құқықтық жүйесінде нақты институттандырды. Басқа елдердің тәжірибелерінен көргеніміздей медиатордың қатысуымен дауларды реттеу көп жағдайда келісім жасасумен аяқталатынын куәландырады. Сондай - ақ медиация мынадай артықшылықтарымен ерекшеленеді: - екі тараптың келісімі; - шешімді Тараптардың өздері өз мүдделерін ескере отырып қабылдайтындығы және оны өздері орындайтындығы; - медиатор тек шешім қабылдауға ықпал ететіндігі; уақыт пен қаражаттың үнемделуі; - рәсімнің толық құпиялылығы. Медиацияны енгізу құқықтың әртүрлі салаларында да, сондай-ақ құқықтан тыс даулар саласында да қақтығыстарды шешудің алдын алуға және қолданыстағы практикасына белсенді және оң түрде әсер етеді. Қазіргі заманауи түсініктегі медиация ХХ ғасырдың екінші жартысында дами бастады. Ең алдымен ағылшын-саксон құқығы елдерінде-АҚШ, Австралия, содан кейін біртіндеп Еуропада да тарала бастады. Медиацияны қолданудың алғашқы әрекеттері отбасылық қатынастар саласындағы дауларды шешу кезінде қолданылды. Кейіннен медиация дауларды шешу кезінде кең ауқымды қолданыла бастады, отбасылық жанжалдардан бастап, коммерциялық және көпшілік салалардағы күрделі көпжақты жанжалдарға дейін мойындалды. Әлемдік тәжірибе бізге медиацияны заңнамалық тұрғыда бекітудің көптеген мысалдарын береді. Барлық құқық жүйелері дауларды сотқа дейін өз еркімен шешуге бағытталған, ал судья отырысты үзіп, тараптарға медиатормен жұмыс істеуге кеңес бере алатын АҚШ үлгісі өте қызықты.[4]

Осы елде экономика, саясат, бизнес саласындағы бірде-бір маңызды келіссөздер процесі медиаторларсыз өтпейді және медиация мәселелерін жариялайтын журналдар да шығарылып тұрады. Медиацияның жаңа әдістерін әзірлеумен айналысатын, пікірталастарды шешетін ұлттық институт бар, сонымен қатар жеке және мемлекеттік медиация қызметтері де жұмыс істейді. Бейтарап делдалдың қатысуымен татуласу рәсімі

Ұлыбританияда өте танымал, онда арнайы қызмет - шұғыл желі бар, онда елдің кез келген шетінен қоңырау шалып, дау-дамайды, медиаторға қатысты өз қалауыңызды сипаттауыңызға болады және сізге сіздің талаптарыңызға сай келетін мамандардың толық тізімі ұсынылады.

Бітімгершілік рәсімдердің басты мақсаты - тараптарды бір бітімге, консенсусқа шақыру. Медиатор ешкімді айыптамайды және шешім қабылдамайды, ол тараптарға өзара тиімді шешім табуға көмектеседі. Медиацияның артықшылықтары сот шығынымен салыстырғанда қаржылық шығындардың төмен болуы, сондай-ақ құпиялық. Медиация рәсімін жүргізу үшін тараптардың уағдаласу ниеті басты болып табылады. Медиация сияқты азаматтық даулар мен қылмыстық істерді шешудің осындай тиімді нысанын енгізу қажеттігі қылмыстық саясатты ізгілендірумен және іс жүргізу рәсімдерін оңтайландырудың қажеттілігімен байланысты деп санаймыз. Басқа дамыған елдерде кеңінен қолданылатын осы медиациялық қызметтің елімізде заңнамалық деңгейде бекітілуі, танымалдығының өсуін біз азаматтық құқықтық сананы одан әрі дамытуға жасалған бір анық қадам ретінде қарастыруымызға болады.

2011 жылдың 28 қаңтарында Қазақстанда "Медиация туралы" заң қабылданып, 5 тамызда күшіне енді. Әрине заңның ресми қабылдануының алдында үлкен дайындық, ғылыми-зерттеу жұмыстары болды. Қазақстандық ғалымдар мен заң шығарушыларға шетелдік құқықтық тәжірибені талдау және қорыту, дамыған азаматтық қоғамы бар құқықтық мемлекет құруды жариялаған көпұлтты елдің ерекше жағдайларында медиацияны қолдану мүмкіндіктерін зерделеу үшін бірнеше жыл қажет болды. Сонымен қатар, медиация тек қылмыстық сот ісін жүргізуде және юрисдикцияның басқа да салаларында ғана емес, сонымен қатар қоғамның азаматтық секторында да қолданылуы мүмкін деген түсінік келді. "Медиация туралы" заңның қабылдануының өзі — Қазақстанның барлық құқықтық жүйесі үшін маңызды құбылыс екеніне күмән жоқ. Осы Заңмен бір мезгілде Қазақстан Республикасының азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу кодекстеріне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңға өзгерістер мен толықтырулар қабылданып, қолданысқа енгізілді.[5]

2011 жылдың 3 шілдесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқитудан өту Ережесі бекітілді. Осылайша, елімізде медиация институтын енгізу және дамыту үшін нормативтік-құқықтық негіз қалыптасты. Көп ұзамай "Медиация туралы" заң қабылданғаннан кейін, үкіметтік емес ұйым — "Синергия" облыстық қоғамдық бірлестігінің құрылымында "Достық" медиация және құқық орталығы құрылды (қазақ тілінен аударғанда — "Татуласу"). Орталықтың екі кеңсесі бар - Қарағанды және Теміртау қалаларында медиация рәсімін жүргізу үшін, сондай-ақ кәсіби медиаторларды дайындау үшін бар жағдайлар қарастырылды. Бірнеше ай ішінде "Достасу" орталығының медиаторлары жаңа заң туралы ақпарат кең аудиторияға барынша қолжетімді болуы үшін көп дүние жасай алды. Қарағанды облыстық сотының базасында Орталық медиаторларының, облыстың жетекші ЖОО ғалымдарының, прокуратура, ішкі істер департаменті, Әділет, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен медиация институтын енгізу мәселелері бойынша бірқатар семинарлар, кеңестер, "дөңгелек үстелдер" өткізілді.[6]

Қазақстан Республикасы кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмыстарға байланысты істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізуге медиация рәсімін енгізген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы (ТМД) жалғыз ел болып табылады. Ал 2011 жылғы 5 тамызда - "Медиация туралы" Заң қолданысқа енгізілген күні — дәл осы "достық" орталығы Қазақстанда өліммен аяқталған жол-көлік оқиғасы туралы қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу шеңберінде алғашқы медиацияны өткізді. Медиация сәтті аяқталды, жәбірленуші мен зардап шеккен тараптың татуласуына әкелді. Қарағанды облыстық сотымен бірге Қазақстанда алғаш рет 2011 жылдың 8 қыркүйегінде Қарағандыда "Медиация-еркіндік, қауіпсіздік және әділдік кеңістігі" атты ашық

халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференция ұйымдастырылып, өткізілгенін қанағаттанарлықпен атап өте аламыз. Конференцияда Қазақстан Республикасының жетекші жоғары оқу орындарының, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғызстан Республикасының медиаторлар ұйымдары өкілдерінің "Медиация туралы" заңды қолдану тәжірибесі туралы баяндамалары ұсынылды. Конференция жұмысына 270 адам, оның ішінде ірі коммерциялық ұйымдардың басшылары, жергілікті мемлекеттік басқару басшылары, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Конференцияның ғылыми қорытындысы "Медиация туралы" заңға, өзге де заңнамалық актілерге толықтырулар мен өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында медиацияны ілгерілету бойынша ұсыныстар қамтылған резолюциялар болды. Осы ұсыныстардың арасында, атап айтқанда, мыналар: — медиатор үшін жас өлшемін 30 - 35 жасқа дейін көтеру (қазір ол 25 жасты құрайды), кәсіби медиаторлардың бірыңғай жалпы қазақстандық тізілімін қалыптастыру және жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды айқындау; — заңды қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде медиацияға қатысу туралы нормамен толықтыру, - заңда медиация рәсімі әрекет қабілеті шектеулі адамдарға қолданылмайды деп белгілеу (қазіргі уақытта тек әрекетке қабілетсіз адамдарға); — заңда медиатордың қызметін тоқтату және тоқтата тұру негіздерінің толық тізбесін белгілеу; - кәсіпқой емес медиаторларды даярлаудың бірыңғай бағдарламасын әзірлеу және бекіту; не "кәсіби емес медиатор" ұғымын заңнан алып тастау туралы мәселені шешу; - медиация рәсіміне араласқаны үшін жауапкершілікті қарастыру (күпиялылық қағидатын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке ұсыну).);— қылмыстық сот ісін жүргізуде медиацияны қолданудың құқықтық негіздерін кеңейту, оны ауыр қылмыстардың кейбір түрлеріне тарату; - әкімшілік сот ісін жүргізу саласында медиацияны қолдану аясын кеңейту; т.б. ұтымды ұсыныстар қозғалды.

Бүгінде "достық" орталығы медиацияны енгізу бойынша біршама жұмыстар жүргізді.

Медиация рәсімі туралы ақпарат халық арасында үлкен үн қосты. Медиация рәсімін түсіндіру, медиацияны жүргізу, медиаторларды оқыту туралы көптеген қоңыраулар мен азаматтардың жеке өтініштері де келіп түскен болатын. Тұрақты медиативтік тәжірибе қалыптасып, бұл ретте татуласу процедураларының көпшілігі оң аяқталды. Бүгінде "Достық" медиация және құқық орталығының активінде 65-тен астам табысты жүргізілген медиация болды. Өткізілген Медиация санаттары бойынша: қозғалған қылмыстық істер бойынша тараптардың татуласуы - 2 (3,6%); - отбасылық жанжалдар, оның ішінде мүлікті бөлу және балалардың тұрғылықты жерін анықтау - 14 (21,8%); — тұтынушылық даулар - 18 (32,7%); - кредиттік қатынастар (клиенттердің банктермен кредиттерді қайтару бойынша даулары) -4 (7,2%); - коммерциялық даулар, оның ішінде бірнеше заңды тұлғалардың қатысуымен - 8 (14,4%), медиациядан бас тарту — 1; -коммуналдық қызметтерді жеткізушілермен даулар - 4 (7,2%); — тұлғааралық жанжалдар, оның ішінде қозғалған әкімшілік істер бойынша (денсаулыққа жеңіл зиян келтіру, жала жабу, қорлау) - 4 (7,2%); - бұқаралық ақпарат құралдарымен даулар -3 (5,5%); - жеке тұлғалар арасындағы соманы өндіріп алу туралы даулар-8; т.б. болды.[7]

Қазақстандықтардың әлеуметтік-саяси менталитетін ескере отырып, біз медиацияның

болашағы зор екеніне сенімдіміз.

Осылайша, Қазақстанда медиацияны қолдану тәжірибесі бойынша қазіргі уақытта елдегі азаматтық даулар мен жанжалдарды шешу кезіндегі медиативтік келісімдердің пайдалылығын көрсетуде. Сондықтан болашақта шет елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, азаматтық істердің 50% - дан 90% - ға дейінгі мәселелер медиаторға жіберілетін болады деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://www.mediacia.com/what.htm>
2. «Медиация туралы» Заң
3. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401>
4. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть) от 27 декабря 1994 года // Вестник Верховного Совета Республики Казахстан, 1994 г., № 23 -24 (приложение).
5. Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 30 января 2001 года №155-ІІ // Вестник Парламента Республики Казахстан, 2001 г., № 5-6, ст. 24.
6. Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 30 января 2001 года №155-ІІ // Вестник Парламента Республики Казахстан, 2001 г., № 5-6, ст. 24.
7. Закон Республики Казахстан от 28 января 2011 года № 402-ІІІ